

1021 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау ережесінің 12-тармағына сәйкес әзірленді. Z100240

2. Біліктілік емтиханын тапсыру мақсаты сот сараптамасын жүргізуді іс жүргізу заңнамасының талаптарына және сот сараптамасы саласындағы қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерге сәйкес жоғары кәсіптік деңгейде қамтамасыз ету
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Сот сарапшысы біліктілігінің болуы аттестациядан өту және сот-сараптама қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін міндетті негіздеме болып табылады.

3. Біліктілік емтиханын тапсыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі біліктілік комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) қарауына мынадай құ ж а т т а р ұ с ы н ы л а д ы :

ө т і н і ш ;

жоғары білімі туралы дипломның нотариус растаған көшірмесі (ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы болса, диплом мен аттестаттың көшірмелері).

4. Біліктілік емтиханы сот сараптамасының белгілі бір түрі саласындағы және мынадай білім салаларындағы мәселелерді: қылмыстық , қылмыстық іс жүргізу , азаматтық , азаматтық іс жүргізу заңнамасының, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманың негізгі қағидаларын; криминалистиканы, сот сараптамасының құқықтық, ғылыми, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін; сараптаманың нақты түрінің ғылыми-әдістемелік негіздерін; сот-сараптама қызметін ақпараттандыру негіздерін қамтиды.

Біліктілік емтиханы емтихан билетінің үш сұрағына ізденушінің ауызша жауаптары ны с а н ы н д а жүргізіледі.

Ізденушінің жауаптары "дұрыс" және "қате" болып бағаланады, ол туралы Комиссия отырысының хаттамасында (бұдан әрі - Хаттама) көрсетіледі.

5. Хаттама Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 199 бұйрығымен бекітілген Әділет министрлігі біліктілік және аттестациялық комиссияларының қызметі ережесінің 3-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

6. Сот сарапшысы біліктілігі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 44 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 861 тіркелген) Біліктілік дәрежесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітетін сарапшылық мамандықтар тізбесіне сәйкес сарапшылық мамандықтар бойынша беріледі.

7. Теріс шешім қабылданған жағдайда, біліктілік беру туралы мәселені қайта қарауға тек үш ай өткеннен кейін ғана рұқсат беріледі.

8. Комиссияның материалдары тұрақты сақтауға жататын құжаттар санатына жатады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2005 жылғы 5 тамыздағы
N 214 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
аттестациялық комиссиясының сот сарапшыларын
аттестациялау ережесі**

1. Осы Ереже "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қазандағы N 1021 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметін лицензиялау ережесінің 12-тармағына сәйкес әзірленді. Z100240

2. Аттестациялаудың мақсаты сот сарапшыларының кәсіптік даярлығы деңгейін анықтау болып табылады.

3. "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларының талаптарын қанағаттандыратын адамдар аттестациядан өтуге жатады. Z100240

4. Аттестацияны әр бес жыл сайын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аттестациялық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) өткізеді.

5. Комиссияға мынадай құжаттарды қамтитын аттестациялық іс тапсырылады :

аттестациядан өтуге тиіс адамға ұсыным;
жұмыс орны бойынша расталған, кадрларды есепке алу жөніндегі жеке
п а р а ғ ы ;

ө м і р б а я н ;
кәсіптік даярлығының деңгейін, іскерлік және адамгершілік сипатын
к ө р с е т е т і н м і н е з д е м е ;

жоғары білімі туралы дипломның нотариус растаған көшірмесі (ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы болса, диплом мен аттестаттың көшірмелері);

сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізуге құқық берілгені туралы біліктілік куәлігінің (оған қосымшалардың) нотариус куәландырған көшірмесі;

сараптама қорытындылары туралы пікір;
соңғы екі жыл ішіндегі көтермелеу (тәртіптік жазалау) туралы бұйрықтардың көшірмелері.

6. Аттестация ұсынылған материалдар бойынша әңгімелесу нысанында ө т к і з і л е д і .

Аттестация нәтижелері бойынша Қорытынды рәсімделеді.

